



Жантілек Нұртілепұлы – Өңірдің тұңғыш «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ»

АСТАНАДА ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН «QAZAQSTAN BARYSY – 2026» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРІ ӨТТІ. ЕЛДІҢ ӘР Өңірінен келген мықтылар бас қосқан дүбірлі додада маңғыстаулық балуан жантілек нұртілепұлы жеңімпаз атанды. Бұл – маңғыстау тарихындағы «ҚАЗАҚСТАН БАРЫСЫ» турниріндегі тұңғыш жеңіс.

«Лабак батыр» лақап атымен өнер көрсеткен Жантілек балуан жарыс барысында өзінің шеберлігін, күш-қайратын және төзімділігін көрсетті. Финалдық белдесуде Жамбыл облысының өкілі Ғалымжан Қырықбаймен кездесіп, қарсыласынан басым түсті. Осылайша Жантілек Нұртілепұлы «Қазақстан Барысы – 2026» атағын жеңіп алды. Бұл жеңіс Маңғыстаудағы қазақ күресінің тарихындағы айтулы оқиға болды. Жылдар бойы ұлттық спортты дамытуға еңбек етіп жүрген мамандар мен спортшылардың еңбегінің нәтижесі осындай биіктен көрінді.

Жантілектің жеңісін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев арнайы атап өтіп, балуанды құттықтады. Президент спортшының жетістігін оның жеңіске деген ерік-жігері мен жоғары шеберлігінің нәтижесі деп бағалады. Сонымен қатар мұндай жарыстар қазақ халқының дәстүрлі спортын жаңғыртып, жас ұрпақты ұлттық спортпен айналысуға ынталандыратынын атап өтті.

Жеңімпазды елге оралғанда маңғыстаулықтар зор қуанышпен қарсы алды. Ақтау халықаралық әуежайында чемпионды облыс әкімі Нұрдіәулет Қылыбай бастаған азаматтар күтіп алды.

– Бүгін Маңғыстау өз батыры Жантілекті қарсы алып отыр. Ол жеңісімен өңіріміздің абыройын асқақатып, Маңғыстау спортының тарихына жаңа бетбұрыс әкелді. Бұл жеңістің артында орасан еңбек, күнделікті жаттығу мен мықты рух тұр. Жантілек, тарихи жеңісін құтты болсын! Алда әлі талай биікті бағындыратынына сенемін. Бүкіл Маңғыстау сені мақтан тұтады! – деді Нұрдіәулет Қылыбай. Салтанатты қарсы алу кезінде чемпионға және оның жеке бапкері Қайрат Иманғазиевке демеушілердің қолдауымен автокөлік табысталды.

Жантілектің бүгінгі жеңісінде оның бапкерлерінің де еңбегі



зор. Жеке бапкері Қайрат Иманғазиев пен аға жаттықтырушы Мейрамбек Жанабай балуанның спорттық шеберлігін шыңдап, үлкен додаға дайындады. Күнделікті жаттығу, жүйелі дайындық пен бапкерлердің талапшылдығы чемпиондыққа бастар жолдың маңызды бөлігі болды.

Чемпион мен бапкерге көрсетілген құрмет мұнымен шектелген жоқ. Жантілек Нұртілепұлы мен Қайрат Иманғазиевке демеушілік қаражат есебінен пәтер берілді. Жантілек үшін бұл жеңістің мәні ерекше. Өйткені ол тек «Қазақстан Барысы» атағын алып қана қойған жоқ, Маңғыстау балуандары үшін жаңа жол ашты. Енді өңірдің жас спортшылары елдің басты ұлттық күрес додасында чемпион болуға болатынын өз жерлесінің жеңісі арқылы көрді.

Маңғыстау қашанда батырларымен, палуандарымен танылған өлке. Бүгінде сол дәстүр жаңа буынның жетістігімен жалғасып келеді. Жантілек Нұртілепұлының жеңісі – соның бір дәлелі.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

СУ ТАПШЫЛЫҒЫН РЕТТЕГЕН СТРАТЕГИЯ

МАҒЫСТАУ ҮШІН СУ – СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ БАР РЕСУРС. ҚУАҢ КЛИМАТ, ТАБИҒИ ТҰЩЫ СУ ҚОРЫНЫҢ ШЕКТЕУЛІЛІГІ ЖӘНЕ СОҒЫ ЖЫЛДАРЫ ХАЛЫҚ САНЫНЫҢ ӨСУІ Өңірдегі су мәселесін күн тәртібінен түсірген емес. Өсіресе жаңаөзен қаласында ауыз-су тапшылығы тұрғындар үшін жылдар бойы өзекті мәселе болып келді. ҚАЛА ХАЛҚЫНЫҢ САНЫ АРТҚАН САЙЫН СУҒА ДЕГЕН СҰРАНЫС ТА КӨБЕЙДІ. БҰҒАН ДЕЙІН ҚАЛА БІРНЕШЕ СУ КӨЗІНЕ ТӘУЕЛДІ БОЛЫП, ЖАЗ АЙЛАРЫНДА ҚАЗЕТТІ КӨЛЕМДІ ТОЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ҚИЫНДАҒАН ЕДІ. МҰНДАҒЫ КЕЙБІР ЕЛДІ МЕКЕНДЕРГЕ СУ КЕСТЕМЕН БЕРІЛЕТІН.



Өсел ҚАЗМАҒАМБЕТОВА

ЖАҢАӨЗЕН ҮШІН ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

Бүгінде бұл жағдайды өзгертуге бағытталған ірі жобалардың бірі – «Кендірлі» су тұщыту зауыты. Мемлекет басшысының тапсырмасымен

жұмысын бастаған кәсіпорын биыл сәуір айында іске қосылып, Жаңаөзенге теңіз суынан өндірілген ауызсуды бере бастады. Жобаның басты мақсаты – қала тұрғындарын тұрақты әрі сапалы ауызсумен қамтамасыз ету. Зауыт тәулігіне 25 мың немесе 50 мың текше метр су өндіруге есептелген. Сондай-ақ жобалық қуатында жұмыс істеуге мүмкіндігі бар.

Зауыт басшылығы ұйымдастырған

баспасөз туры барысында журналистерге кәсіпорынның жұмысы, су тұщыту технологиясы, зертханалық бақылау жүйесі, мамандардың еңбегі және нысанның алдағы мүмкіндіктері таныстырылды. Зауыттың өндірістік аландарын аралау арқылы Каспий суының қалай қабылданып, бірнеше технологиялық кезеңнен өтіп, адам тұтынуына жарамды ауызсуға айналатынын көруге мүмкіндік туды.

– «Кендірлі» су тұщыту зауытының тарихы бір күнде қалыптасқан жоқ. Кәсіпорын құрылысына дейін жобалау, іздестіру, жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу, мемлекеттік сараптамадан өткізу және мердігерлерді анықтау жұмыстары жүргізілді. Жоба төрт жыл ішінде әзірленіп, негізгі құрылыс жұмыстары екі жылға жетпейтін уақытта аяқталған. Былтыр 30 қазанда дәнекерлеу-монтаждау жұмыстары толық аяқталып, тиісті мемлекеттік актілерге қол қойылған. Одан кейін іске қосу-баптау кезеңі басталып, өндірістік нысанды пайдалануға дайындау жұмыстары жүргізілді. 2022 жылы жоба бойынша іздестіру жұмыстары басталса, 2023–2024 жылдары дәнекерлеу-монтаждау жұмыстары қолға алынды, – деді өз сөзінде зауыттың бас директоры Мақсат Ибағаров.

(Жалғасы 2-бетте)

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ ДЕПУТАТТАРЫН САЙЛАУДА ДАУЫС БЕРУ ТӘРТІБІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Сайлау учаскесінде сол сайлау учаскесіндегі тізімге енгізілген сайлаушылар, сондай-ақ есептен шығару куәліктерін ұсынған адамдар жеке басын куәландыратын құжатын көрсетуі бойынша дауыс бере алады.

Әр сайлаушы жеке дауыс береді.

Сайлау бюллетені жасырын дауыс беру-ге арналған кабинада өзі жақтап дауыс беретін саяси партия атауының оң жағындағы бос шаршыға не «Бәріне қарсымын» деген жолдағы бос шаршыға белгі қою арқылы толтырылады.

Бюллетеньді өз бетінше толтыруға мүмкіндігі жоқ сайлаушы өзі сенетін және оның тегі дауыс бергеннен кейін сайлаушылардың тізіміне енгізіліп, тұсына сайлаушының бюллетень алғандығы жөнінде қолы қойылатын адамның көмегін пайдалануға хақылы.

Мыналар ондай адам болуға тиіс емес: сайлау комиссиясының мүшесі, жергілікті өкілді немесе атқарушы органның лауазымды адамы, кандидаттың сенім білдірген адамы, бұқаралық аппарат құралдарының өкілі, тиісті сайлау комиссиясында тіркелген байқаушы.

Толтырылған бюллетеньді сайлаушы дауыс беруге арналған жәшікке салады.

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ
КОМИССИЯСЫ

• БҮГІНГІ САНДА

ЗАҢСЫЗ ДӘРІ САУДАСЫНА ЖОЛ ЖОҚ



» 5

ТАТАМИДЕ ӨТКЕН ТАҒЫЛЫМДЫ ЖОЛ



» 7